

«Алтын белгі» белгісіне үміткерлердің жазбаша емтихан жұмыстарын тексеру бойынша нұсқаулық

«Орта, техникалық және көсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйрекшілік (2019 жылғы 26 қарашадағы № 509 бүйрекшілікпен өзгерістер енгізілген) сәйкес жыл сайын 1 ақпанға дейін білім беру үйымдарының, білім бөлімдерінің және білім басқармаларының жанынан Қорытынды аттестаттауды үйымдастыру жөніндегі Комиссиялар (бұдан әрі - комиссия) құрылады.

Білім беру үйымдарының жанынан құрылған комиссия хатшысы «Алтын белгі» белгісіне үміткерлердің (бұдан әрі - үміткерлер) жазбаша жұмыстарын емтихан біткен сәттен жинап, сыртына Комиссия мүшелерінің қолы қойылған конверттерге салады, тігеді және сол күні Білім бөлімі жанынан құрылған Комиссия төрағасына қабылдау-табыстау актісі арқылы жеткізеді.

Білім бөлімдері жанынан құрылған комиссия хатшысы барлық үміткерлердің жұмыстарын жинап (конверттерді ашпай), сыртына Комиссия мүшелерінің қолы қойылған жәшіктерге салады, орайды және сол күні немесе емтихан өткен күннен кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін (*облыс орталығына баратын ара-қашықтыққа байланысты*) Білім басқармасы жанынан құрылған Комиссия төрағасына қабылдау-табыстау актісі арқылы жеткізеді.

Үміткерлердің жазбаша жұмыстарын Білім басқармаларының жанынан құрылған Комиссия үміткерлердің емтихан жұмыстарын қабылдаған күні (*жақын қалалардан/аудандардан қабылданған үміткерлердің емтихан жұмыстарын*) немесе келесі күні тексереді.

Білім басқармаларының жанынан құрылған Комиссия құрамына жазбаша емтихандар өтетін пәндердің білікті, тәжірибелі мұғалімдері кіреді (*басқа мүшелерін қоспағанда*) және Комиссия құрамындағы әр пән мұғалімінің саны барлық үміткерлердің санына қатысты құрылады (*10-15 үміткерге бір пән мұғалімі*).

Комиссия мүшелеріне үміткерлердің жұмыстарын тексеру күні, орны мен уақыты туралы алдын-ала хабарланады.

Пән мұғаліміне өзінің ауданы немесе мектебінің үміткерлерінің жұмысы тексеру үшін берілмейді.

Пән мұғалімдерінің сапалы, тиімді және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін бір мектептің ғимаратында бірнеше кабинеттер беріледі, дәлізде кезекшіліктер үйымдастырылады.

Үміткердің жұмысын тексерген мұғалім үміткердің жазбаша емтихан жұмысын бағалайды және қысқаша пікірін жазады.

Үміткерлердің жұмысы тексерілгеннен кейін сол күні Комиссия мүшелерінің жалпы отырысында қаралады. Әр мектептің үміткерлерінің

жазбаша жұмыстары бір конвертке салынып, тігіледі, хаттамалар толтырылады. Әр аудан/қала үміткерлерінің жазбаша жұмыстары бір жәшікке салынады, бұылады.

Үміткерлердің жұмысы тексерілгеннен кейін екі күннің ішінде білім беру үйымдарына жеткізіледі.

ҚР Білім және ғылым министрлігіне үміткерлердің емтихан жұмысын тексеру қорытындысы туралы есеп тексеру аяқталған күні төмендегідей нысанда жіберіледі.

облысы/қаласы бойынша
**пәнінен «Алтын белгі» белгісіне үміткерлердің жазбаша емтихан жұмыстарын
тексеру қорытындысы**